

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 25 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 20 наурыздағы № 57-ө  
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 25 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) б е к і т і л с і н .

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 0

н а у р ы з д а ғ ы

№ 5 7 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 25 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатына қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

Р/с №	Нормативтік-құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Жауапты мемлекеттік органдар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5

1.	Орман қорының жерлерін орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерлерге ауыстыру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ (жинақтау), ЖРА	2012 жылғы сәуір
2.	«Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларды нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 қарашадағы № 1339 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіндегі Орман және аң шаруашылығы комитетінің мемлекеттік орман күзеті және аң шаруашылығы қызметкерлеріне арналған айырым белгілерінің, пішінді киімдердің сипаттамасы және оларды беру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 5 наурыздағы № 303 қаулысының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
3.	Ормандарды молықтыру және орман өсіру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
4.	Көшет материалы мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер өсіру үшін мемлекеттік орман қорының учаскелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы қараша
5.	Карантиндік түрлерді қоспағанда, орманның аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының тізбесін және оларға қарсы күрес тәртібін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
6.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген орындарды куәландыру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
7.	Мемлекеттік орман қорында таңбалар қолдану қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
8.	Орман қорының аумағында өрттен келтірілген залалды есепке алу, анықтау және өтеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ (жинақтау), ТЖМ	2012 жылғы сәуір
9.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын аумақтық бөлімшелерде мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
	Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және онда			

10.	өсіруге, жеке орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ (жинақтау), Қаржымині	2012 жылғы қараша
11.	Орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ (жинақтау), ККМ	2012 жылғы сәуір
13.	Орман қорын мемлекеттік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
14.	Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
15.	Мемлекеттік орман мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
16.	Мемлекеттік орман иеленушінің орман өрт сөндіру станциясы туралы ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
17.	Дериваттар тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ (жинақтау), БҒМ	2012 жылғы сәуір
18.	Орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға учаскелер беру және осы учаскелерді осындай объектілер салуға пайдалануға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
19.	Орман қоры аумағында ағаштың заңсыз кесілуінен келтірілген залалды есепке алу және анықтау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
20.	Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы жөніндегі қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ (жинақтау), БҒМ	2012 жылғы сәуір
21.	Жануарларды еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда ұстау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ (жинақтау), Қоршағанортaмині , БҒМ	2012 жылғы сәуір
22.	Аңшылықта пайдаланылатын аушы жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу және тіркеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ (жинақтау), БҒМ	2012 жылғы қараша

23.	Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың және жануарлар дүниесін қорғаумен айналысатын мамандандырылған ұйымдар инспекторларының арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану, сондай-ақ қорықшылардың қызметтік қаруды қолдану қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ (жинақтау), ІІМ	2012 жылғы сәуір
24.	Жануарларды интродукциялау және реинтродукциялау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
25.	Аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын, аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы қараша
26.	Балықшылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы қараша
27.	Аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығының аңшылық минимумды өткізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы қараша
28.	Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
29.	Әкімшілік органның құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ (жинақтау), БҒМ	2012 жылғы сәуір
30.	Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін ерекше құнды объектілерге жатқызу, олардың шекараларын белгілеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
31.	«Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1458 қаулысына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
32.	«Реттелмелі туризм мен рекреацияны жүзеге асыру үшін мемлекеттік ұлттық табиғи парктер аумағындағы жер учаскелерін жалға беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 қарашадағы №		АШМ	

	1063 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы		2012 жылғы сәуір
33.	Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ (жинақтау), БҒМ	2012 жылғы сәуір
34.	Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығын қорғау аумағында тұратын жергілікті халықтың мұқтажы үшін рұқсат етілген әуесқойлық (спорттық) балық аулау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
35.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2012 жылғы сәуір
36.	Орман қоры аумағында өрттер келтіретін залалды есепке алу, анықтау және өтеу қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
37.	Орман қоры аумағында ағаштың заңсыз кесілуінен келтірілген залалды есепке алу және анықтау қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
38.	Өсімдіктер дүниесінің объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санатқа жатқызылған өсімдіктер түрлерін Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсаттар беру қағидасын бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
39.	Орман тұқымдарын аудандастыруды бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
40.	Орман шаруашылығы саласында ынталандыру қағидаларын және құрметті атақтар, омырауға тағатын белгілер мен құрмет грамоталарын беру тәртібін бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
41.	Мектеп орманшылығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидасын бекіту туралы	Бұйрық	АШМ, БҒМ	2012 жылғы сәуір
42.	Орман ағаштарын, питомниктерді, табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген және мемлекеттік орман қорында табиғи өсірілуге қалдырылған алқаптарды түгендеуді жүргізу тәртібін бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
43.	Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
	Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының			

44.	айырым белгілері бар нысанды киім ( погонсыз) үлгілерін және оны киіп жүру тәртібін бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
45.	Балық ресурстарына келтірілетін және келтірілген зиянның, оның ішінде шаруашылық қызметі нәтижесінде болмай қоймайтын зиянды өтеу мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы қараша
46.	Аншлагтарының үлгілерін және аңшылық шаруашылықтар, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтары, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекараларын , сондай-ақ аң аулау мен балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
47.	Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында құрметті атақтар, төс белгілерін және құрмет грамоталарын беру қағидасын бекіту туралы	Б ұ й р ы қ	АШМ	2012 жылғы сәуір
48.	Қорықшының төс белгісінің және айыру белгісі бар арнайы киімінің нысанын бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
49.	Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыру жөніндегі қағидасын бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
50.	Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылықішілік аңшылықты ұйымдастыру жөніндегі қағидасын бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
51.	Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар түрлерін есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
52.	Аңшылық минимумды бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
53.	Аңшы куәлігін беру жөніндегі есептіліктің нысанын бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
54.	Жабайы фауна мен флораның құрып кету қаупі төнген түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген жануарларды жасанды өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік органда тіркеу қағидасын бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір

55.	Су қоймаларына балық жіберу, балықтардың жаңа түрлерін жерсіндіру, су объектілерін балық шаруашылық мелиорациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
56.	Шетелдіктермен әуесқойлық (спорттық) балық аулауды ұйымдастыруға арналған шарттарды жасасу қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
57.	Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мен аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың жануарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асыратын, айыру белгілері бар (погондарсыз) тізбесін бекіту туралы нысандық киімді киюге құқығы бар қызметкерлерінің	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
58.	Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысанын бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
59.	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында көтермелеу қағидаларын және құрметті атақтар, төс белгілерін және құрмет грамоталарын беру тәртібінің қағидасын бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
60.	Айырым белгілері бар нысандық киім (погонсыз) үлгілерін, оны киіп жүру тәртібін және табиғат қорғау мекемелерінің мемлекеттік инспекторларын онымен қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
61.	Ведомствоаралық ботаникалық және зоологиялық комиссиялардың құрамын және ережесін бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
62.	Табиғат қорғау мекемелерінде ғылыми қызмет және ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
63.	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір
64.	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы	Бұйрық	АШМ	2012 жылғы сәуір

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі  
ЖРА – Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі  
ТЖМ – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі  
Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі  
Қоршағанортамині – Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі  
БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
ІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК